

ЖАҢАШЫЛ БАСТАМАЛАР МЕКЕНІ



Тәуелсіздік тұсында жаңашыл архитектуралық сәнмен бой көтерген зәулім де келбетті ғимарат «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазығұрт ауданы Атбұлақ ауылындағы киелі Қазығұрт тауының етегінде орналасқан.

Қазақ қашан да тауып айтқан ғой, қорнында бар оңалар демекші, бұл қуанышты осы ауыл тұрғындарына ғана емес, облыс, тіпті республика көлеміне де сыйлаған - Жамбыл ағамыздың ұлы Нұрлан Жамбылұлы Қаппаров болатын. Жаңа ғимараттың салынып, толық жабдықталғанын көріп, енді алдағы бір айдың жүзінде мерекелік ашылу жасаймыз деп отырғанда, сұм ажал арамыздан Нұрландай жүрегі алып ұлды алып кетті. Осылайша, мектебіміздің салтанатты ашылуы 2015 жылдың мамыр айының 19-да өткізілді. Мектеп ғимаратының салтанатты ашылуына келген қонақтар қатарында: ҚР премьер-министрінің орынбасары Б.М.Сапарбаев, ҚР-сы Білім-ғылым министрі А.Сәрінжіпов, облыс әкімі А.Мырзахметов пен ОҚО білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының басшысы А.Елшиева да болды.

Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін арттыру мен ғылыми

көзқарастарын қалыптастыру мақсатында мектеп көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстанда «жасыл» экономика қозғалысын бастаған Нұрлан Жамбылұлы Қаппаров болатын. Ол ел экономикасының жаңа «таза» бағытта дамуына және альтернативті энергетиканың дамуына жол көрсетті. Н.Қаппаровтың «Жасыл ел» жобасы идеясын жалғастыру мақсатында «Альтернативті энергия көздері» тақырыбында оқушылардың бірнеше жұмыстары келген қонақтардың назарларына ұсынылды.

1. Техникалық пәндер бірлестігі «Жел энергиясын өз қажеттілігімізге тиімді қолдану» жобасымен 8-сынып оқушысы Мырзабаев Алдияр таныстырылым жасады.

2. «Ауылды жерлерде альтернативті энергия көздерін қолдану» жобасымен 10-сынып оқушысы Ақжол Нұрдәулет.

3. «Ақбура су ағынының энергиясын көшелерді жарықтандыруға қолдану»

жобасымен 10-сынып оқушысы Біләл Нұрәділ.

4. «Таулы аймақтарда жел энергиясын алу механизмі» жобасымен 10-сынып оқушысы Боранбай Аружан

5. «Экологиялық таза пеш» жобасы 9-сынып оқушысы Тастан Нұрбек.

6. «Геометриялық заңдылықтардың қарапайым өмірдегі ролі» жобасы 10-сынып оқушысы Насыр Жамалбек.

7. Жаратылыстану пәндер бірлестігі бойынша «Ауыл шаруашылық өнімдерінен биогаз өндіру және оны елді-мекендерде пайдалану» жобасымен 8-сынып оқушылары Жұмахан Шохан мен Алтынбек Нұрлан.

8. «Күн энергиясын жерасты жылыжайларында өсімдіктер өсіруге пайдалану» жобасымен 9-сынып оқушысы Тұрсынбай Дінмұхаммед.

Мектебіміздің алдына қойған мақсаты – облыс көлемінде математика және физика пәндеріне бейім оқушыларды іріктеп, оларға ғылым негізінде терең әрі тиянақты білім беру болып табылады.

Мектебіміздің іргетасы қаланғалы бері оның қабырғасынан 316 шәкірт білім нәрімен сусындап, үлкен өмірге қадам басып, қанат қақты. Олар тек өз елімізде ғана емес, сондай-ақ шет мемлекеттердің де оқу гранттарын жеңіп алып, өз білімдерін жалғастыруда. Атап айтар болсақ: Қалқұлов Қанатбек – 2008-2009 оқу жылының түлегі. Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін бітіріп, қазіргі таңда Самара аэрокосмостық университетінің магистратурасын аяқтады. Уалихан Нұржан – 2009-2010 оқу жылының түлегі. Саратов Әскери инженерлік-техникалық университетін тәмамдап, қазіргі таңда Москва қаласында магистрант. Тұрғынбек Сымбат-2011-2012 оқу жылының түлегі. Қазіргі таңда, Қытай ХДР-сы, Шанг-



донг технологиялық университетінің ІҮ курс студенті. Қабылбек Райымбек -2013-2014 оқу жылының түлегі. Қазір Ресей мемлекеті, Москва қаласы, Халықаралық техникалық-зерттеу университеті (МИСиС) ІІ курс студенті.

Оңалбаев Шыңғыс-2014-2015 оқу жылының түлегі. Қазір М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің І курс студенті.

Қазіргі таңда мектебіміздегі оқу озаттарының саны – 102 оқушы. Бұл оқушыларды біз болашақ «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегерлері деп мақтан тұтамыз.

Мектептің көрсеткішінің бір ажырамас бөлігі бұл бітіруші түлектердің тапсыратын – ҰБТ сынағы. Соңғы жылдардың қорытындысын саралай кетсем, 2012 жылы мектепті жалпы бітірген 47 оқушының орта балы – 94,6 балды құрап, 1 оқушы «Алтын белгі» иегері, оның 41 грант иегері атанды.

2013 жылы ҰБТ тапсырған 40 оқушының көрсеткіші – 101,7 балл болып, онда «Алтын белгілер» саны 5 оқушыға артты, 36 оқушы грант иегері болды. 2014 жылы мектеп бітірушілер саны 45 болып, ҰБТ көрсеткіші – 107,2 балл, «Алтын белгілер» саны 10 оқушыға жетіп, облысымыздағы алдыңғы қатарлы мектеп дәрежесіне көтерілді..

«Дарынды балаға – білікті ұстаз» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, мектебіміздің бас демеушісі – Жамбыл ағаның зайыбы – Фаузия Сұлтанқызы-аталмыш мектепке, яғни талантты балаларды оқытып, тәрбиелеу ісін атқаратын білікті мамандарды келісімшартпен ауылға шақырып, бұл қызметкерлерге барлық жағдайын жасауын әлі де жалғастыруда.

Ігі жетістіктер нәтижесінде мектебіміз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы №35 бұйрығымен «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының тірек мектебі болып бекітілді.

2012-2014 жылдар аралығында «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының басқарма алқасы зияткерлік мектептердің озат



іс-тәжірибелерін тарату мақсатында Астана, Алматы, Семей, Талдықорған, Орал, Көкшетау т.б. қалаларда ұйымдастырылған халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар жұмысына мектеп директоры Б.С. Орынбаев бастаған делегация тұрақты түрде қатысып, зияткерлік мектептердің озат іс-тәжірибелері жайлы аса құнды инновацияшыл әдістемелер жинақтап қайтты.

Осылайша, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде мектебіміз 2015 жылы ДРҒПО-ның директоры Ш.Қирабаеваның «Инновационная школа-взгляд в будущее» номинациясымен марапатталды.

Осы жылдар аралығында ҰБТ көрсеткішінің оң нәтижелерге жетіп, мемлекеттік грантты жеңіп алушы шәкірттер санының артуына сүбелі үлес қосып жүрген ұстаздар қауымының да қазіргі таңда 40,9%-ы педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың үш айлық курсынан өтті. Оның 9%-ы 3-деңгейден, 25%-ы 2-деңгейден, 6,8%-ы 1-деңгейден өз тәжірибелерін молайтты.

Қазіргі таңда ол мамандар осы іс-тәжірибені ұжым мүшелеріне де үйретуде. Алғашқылардың бірі болып, үш айлық деңгейлік курстан өткен бірекі мұғалімнің тәжірибесіне шолу жасап өткенді жөн санаймын.

Сондай білікті маманның бірі- Ахмедов Жаңабай Тынышлықұлы, ҚР-ның Білім беру ісінің Құрметті

қызметкері, облыстық кәсіподақ ұйымының «Кәсіподаққа қызметі сіңген қызметкер» төсбелгісінің иегері, жоғары санатты ұстаз.

Мектебіміздің білікті ұстаздарының бірі – Мырзақұлова Назира Жақсылыққызы, ҚР-ң Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының иегері, қазіргі таңда мектебіміздегі орыс және қазақ сыныптарындағы физика пәнінен дәріс беретін жоғары санатты ұстаз. Айта берсек, ұстаздарымыз бен ұжымның жетістіктері жетерлік. Мұның бәрі, әрине, тұғыры биік тәуелсіздігіміздің арқасында жүзеге асып жатқан кемел келешегімізді, бақытты болашағымызды жасайтын өскелең ұрпақ, ертеңді сеніп тапсыратын білімді жастарды тәрбиелеуге қосқан тамшыдай үлесіміз ғана. Сіздерге және ұжым мүшелеріне отбасылық бақыт, денге саулық, еңбектеріңіздің зейнетін көріп, жаңа белестерді бағындыра беретін күш-қуаттарыңыз бойларыңыздан ешқашан арылмасын демекпін.

**Нұржамал БЕЙСЕНБАЙ,
Ж. Қаппаров атындағы № 5
физика-математикалық мектеп-интернатының қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі**

АННОТАЦИЯ ○

Автор рассказывает о работающем с новыми технологиями коллективе средней школы им. Ж. Каппарова Казыгуртского района. Этот коллектив немало сил вложил в развитие образования района.